

Дәстүрлі қазақ мәдениеті

ОП-18

АДАМЗАТ БАЛАСЫ ЖАСАҒАН МӘДЕНИЕТ ЕКІ ТҮРГЕ БӨЛІНЕТІНІН БІЛЕСІЗДЕР. БІРІНШІСІ – РУХАНИ МӘДЕНИЕТ, ЕКІНШІСІ – МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ. РУХАНИ МӘДЕНИЕТКЕ МУЗЫКА, ӘДЕБИЕТ, СӘУЛЕТ ӨНЕРІ, СУРЕТ ӨНЕРІ, КЕСКІН ӨНЕРІ ЖАТСА, АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ КҮНКӨРІСІНЕН ТУҒАН ДҮНИЕЛЕРІ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТТІ ҚҰРАЙДЫ. ЗИЯЛЫ ҚАУЫМ АРАСЫНДА, ТІПТІ ОҚЫМЫСТЫ ҒАЛЫМДАР АРАСЫНДА МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТ ҰҒЫМДАРЫН ШАТАСТЫРУШЫЛЫҚ ӘЛІ ДЕ КЕЗДЕСЕДІ. ОСЫ АРАДА ОЛАР ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ МӘДЕНИЕТІНІҢ, САЯСИ МӘДЕНИЕТТІҢ, ЭКОНОМИКА МӘДЕНИЕТІНІҢ ТАҒЫ СОЛ СИЯҚТЫ МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ БОЛАТЫНДЫҒЫН ЕСКЕРМЕДІ



ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ МӘДЕНИЕТІ, ҚҰДАЙҒА ШҮКІР, ЕШКІМНЕН ҚЕМ ЕМЕС. МЫСАЛЫ, ЭПОС ЖАНРЫН АЛАЙЫҚ. АЙТАТЫНЫМЫЗ ДА, МАҚТАН ЕТЕТІНІМІЗ ДЕ – ОСЫ ЭПОСТАРЫМЫЗ. КЕҢ ҚАРЫМДЫ, КЕҢ ҚҰЛАШТЫ, ҚАЗІРГІШЕ АЙТҚАНДА – ПОЭМАЛАРЫМЫЗ. ӘЛЕМДЕ ЭПОС ТУДЫРҒАН ХАЛЫҚТАР САУСАҚПЕН САНАРЛЫҚ. БАТЫСЫМЫЗДА БАЙЫРҒЫ ГРЕКТЕР «ИЛЛИАДА» МЕН «ОДЕССЕЯНЫ» ТУДЫРСА, ШЫҒЫСЫМЫЗДА ҮНДІЛЕР «МАХАБХАРАТА» МЕН «РАМАЯНАНЫ» ТУДЫРҒАН



ҚАЗАҚТАР-ЕЖЕЛДЕН КӨШПЕЛІ ХАЛЫҚ, КӨК ТҮРІКТІҢ ҰРПАҚТАРЫ. ТЕРРИТОРИЯСЫ АЛТАЙДАН КАСПИЙГЕ ДЕЙІНГІ ҮЛКЕН АУМАҚТЫ АЛЫП ЖАТЫР. ЕЖЕЛГІ КӨШПЕНДІЛЕРДІҢ МҰРАСЫН САҚТАҒАН, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ САЛТ-ДӘСТҮР МЕН ЖОРА-ЖОРАЛҒЫЛАРҒА БАИ КЕЛЕДІ. ҚАЗАҚ ҚАУЫМЫНЫҢ ОСЫ КҮНГЕ ДЕЙІН САҚТАП КЕЛЕ ЖАТҚАН БАСПАНА ТҮРІ - КИІЗ ҮЙ. КИІЗ ҮЙ-КӨШУГЕ ҚОЛАЙЛЫ, ЖИНАЛЫП-ҚҰРАСТЫРМАЛЫ, ЖАЗДА-САЛҚЫН, ҚЫСТА-ЖЫЛЫ БАСПАНА. БҰЛ АҒАШТАН, ӘРТҮРЛІ ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ТЕРІЛЕРІНЕН ЖАСАЛАДЫ. КИІЗ ҮЙ ҚАНАТЫНА БАЙЛАНЫСТЫ, АЛТЫҚАНАТТЫ, ОН ЕКІ ҚАНАТТЫ ЖӘНЕ Т.Б. АТАУЛАРМЕН АТАЛАДЫ.



ҚАЗАҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ — **ҚАЗАҚ** ХАЛҚЫНЫҢ БҰҚАРАЛЫҚ КӨРКЕМ СӨЗ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ. АЛҒАШҚЫ НҰСҚАЛАРЫ ЕРТЕ ЗАМАНДА, ТҮРКІ ТЕКТЕС РУЛАРДЫҢ, ТАИ-ПАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ТІЛІ ҚАЛЫПТАСА БАСТАҒАН КЕЗДЕ ПАЙДА БОЛҒАН. Қ.А.ӨЗЕНІНІҢ ЕЖЕЛГІ ҮЛГІЛЕРІ ОРХОН ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗУЛАРЫНАН ДА КЕЗДЕСЕДІ. **ҚАЗАҚСТАН** МЕН **ОРТА АЗИЯ**, **АЛТАЙ** Өңірі мен **Еділ бойын** мекендеген көшпелі түркі халықтарының кейбір ертегілері мен аңыздары, дастандары мен өлең-жырлары, мақал-мәтелдері мен жұмбақтарының негізі төркіндес екені мәлім.



Жыраулар кезеңі (XV ғасыр — XVIII ғасырдың бірінші жартысы.

ЖЫРАУЛАР МЕКТЕБІНІҢ БЕЛГІЛІ ӨКІЛДЕРІ — ҚАЗТУҒАН, АСАН ҚАЙҒЫ, ДОСПАМБЕТ ЖЫРАУ, ШАЛКИІЗ ЖЫРАУ, ЖИЕМБЕТ ЖЫРАУ, МАРҚАСҚА ЖЫРАУ, АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУ, ТӘТІҚАРА АҚЫН, ҮМБЕТЕЙ ЖЫРАУ, БҰҚАР ЖЫРАУ, ШАЛ АҚЫН, ЖАНАҚ АҚЫН, Т.Б. ЖАТАДЫ. М.ӘУЕЗОВ ЖЫРАУ ДЕГЕН АТАККА ИЕ БОЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ӨКІЛІНІҢ ӨЗ ОРТАСЫНДА ЕРЕКШЕ САЛМАҒЫ БАР ҚОҒАМДЫҚ ТҰЛҒА ЕКЕНДІГІН АЙТА ОТЫРЫП, ОНЫҢ НЕГІЗГІ ФУНКЦИЯСЫ ЕЛЕҢШІЛІК ЕМЕС, ЕЛГЕ БАСШЫЛЫҚ ЖАСАП, БАСАЛҚЫ АЙТУ БОЛАТЫН ОЛАР ХАН ҚАСЫНДАҒЫ ҚАЛЫҢ ЕЛДІҢ ІШІНЕН ҚОСЫЛҒАН ҚАРИЯЛАР КЕҢЕСІНІҢ ӨКІЛДЕРІ ДЕГЕН ТҰЖЫРЫМ ЖАСАЙДЫ.

